

**А. Ташгын** 

Қажы Байрам Уәли Университетінің  
түркі мәдениеті тұрғысынан Қажы Бекташ Уәли  
зерттеулерін қолдау және зерттеу орталығы, Түркия, Анкара қ.  
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

## ИРФАН МАҒЫНАСЫНЫҢ ЖОЙЫЛУЫ – ЯСАУИТАНУДАҒЫ ДАСТАРҚАН ЖАЮ ДӘСТҮРІ

Мақалада Яссауи дәстүрлі ілімінің кең географиялық аймақты қамтығанына қарамастан мағынасын жоғалтуы немесе мағынасыздыққа ұшырау мәселесі қарастырылады. Осы тұрғыдан келгенде мақала аталмыш ілімді ұстанатын топтардың тәжірибелері және осы тәжірибелердің жүзеге асқан мекендердің жоғалып кетуі нәтижесінде мағынасыздыққа ұшырағандығын дәлелдейді. Бастапқы мағынасын қайтаруда иек артқан әдістің тәжірибеге негізделуі және әр зерттеуші-практиктің қол жеткізген мәліметтері дәл сол күйінде алушысына (тұтынушысына) тікелей жеткізген орта немесе мекен арқылы жүзеге асыру мүмкін болып отыр. Әдетте, алушының ақыл-ойы мен рухани әлемі өзіне бағытталған ілім мен даналыққа негізделген деректер арқылы жазба бетке айналып кетуде. Осылайша, мекен мен хаттың бірге үстеген мағынасы жаратылыстың визуалды алаңы ретінде алушыны негізгі тұлғаға айналдыруда. Сондай-ақ, аталмыш қызметтің жүзеге асырған өзге бір алаңы – жиналу немесе кездесу орны ретінде тұжырымдалатын мекен, ол – «әлем». Мақалада «мекен, ғалам, әлем, кітап, бет, том» секілді негізгі ұғымдар арқылы Яссауи ілімінің негізгі ұстанымдарының бірі – дастархан жаю (софра тутмақ) туралы сөз болады. «Дастархан ұстау» – пірдің өзі тәрбиелеп өсірген мұрагерін қызметке тағайындауы деген мағынаға келеді. Яғни ғылым-білім, тәрбие алып, толықсыған білім алушы артынша өзі тағайындалған жерге қызметке жіберілгенде бұл қызметті «дастархан ұста» деген әмір арқылы алады. Дастархан сондай-ақ кемелденудің белгісі ретінде білім алушыға берілген алты аманаттың бірі деп есептеледі. Дастархан, яғни «софра» сапар сөзімен төркіндес. Сондықтан ол «сапар шегу» және «жапқыш» мағынасында да қолданылады. Сапардың басталған жері ретінде қызметтің берілуі немесе адамды қоршап тұрған белгілі бір жабынның болуы мағынасында «Адам» сүресі арқылы белгілі бір пішін табуда. «Дастархан ұстау» – міскін, жетім-жесір мен тұтқын үшін өте-мөте қажетті. «Дастархан жаю» – міскін, жетім-жесір және тұтқынды тұмшалап тұрған жабындыны ашу деген мағынаға саяды. Қорыта айтсақ, Яссауи ілімінің жоғалып кеткен мағына әлемінің маңызды мәселелерінің бірі – «Дастархан ұстау» түсінігі болып табылады. Мақалада «дастархан ұстау» ұғымының мағынасы мен мотивациясы қарастырылып, іскер жастың бірінші міндеті ретінде Алланың құлдарына кері жолға түскен сапарын есіне салу және ақиқатын тұмшалаған жабындысын үстінен шешіп, алып тастау деген мағынаға саяды. Аталмыш мәселе «Адам» сүресінде де, «Майда» сүресінде де ашық түрде қарастырылады.

**Кілт сөздер:** Яссауи ілімі, дәстүр, дастархан жаю, Адам сүресі, Майда сүресі.

А. Таşğın

Ankara Hacı Bayram Veli University  
Hacı Bektaş Veli Studies in Terms of Turkish Culture  
Application and Research Center Directorate  
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

### The loss of meaning and uncertainty in wisdom – holding the meal in Yesevism

This presentation focuses on the lost and uncertainty of meaning in Yesevi wisdom tradition despite its enlargement in a wide geography and representatives belong to it. Within this frame, the presentation asserts that after the loss of the place and applicators of the tradition, the meaning is lost consequently. Because the methods applied on obtaining the meaning is based on the practice, it is being possible to transfer the data to receiver by implementer by means of the place. In fact, the mind of the receiver and spiritual world transmit into the paper, on which knowledge and aphorism is written. Thus, the meaning, which the place and message get at the same time, makes visible the receiver which is the appearance place of “being”. Besides, the other area in which this activity is happened is “meeting place”, i.e. universe (alem).

This study will mention on of the basic principles of Yesevi wisdom, Meal (Sofra) via some conceptualizations such as place, kevn, universe, book, page, volume, etc. Holding the meal (sofra tutmak) is Yesevi wisdom means the assignment of the caliph, who was grown up by his own sage (pir). So, the receiver finished his growing up process get his task, in which he was assigned, is given this task by the following order: "Hold the Meal". As an assign of maturity, meal is among the six deposits given to receiver. Meal (sofra) is coming from the same root of the word voyage (sefer). Accordingly, it keeps the meaning of cover and journey. Giving the task as the beginning of the journey or the obtained meaning of the covering the human's being are shaped around Surah Insan in Qur'an. Holding the meal is necessary for atonic people, orphans, and slaves. Opening the meal means opening the cover on atonic people, orphans, and slaves.

Consequently, one of the important subjects for loss Yesevi wisdom is holding the meal. Presentation proposes to remind people of their journey, which is the first task for Turkish-Islamic Guild (Fütüvvet) for Allah, which they fall behind, on the other hand, it proposes to remove the cover that hide the reality on the people. This point is clearly explained both in the Surah Insan and Maide.

**Key words:** Yesevi wisdom, traditions, Holding the meal, Surah Insan, Surah Maide.

А. Ташгын

Университет Хаджи Байрам Уали  
Хаджи Бекташ Уали в контексте тюркской культуры,  
Центр поддержки исследований, Турция, г. Анкара  
e-mail: ahmetyolcu65@gmail.com

### **Учение Яссави ирфан, традиция трапезничать за дастарханом (софра тутмак) в Яссавизме, случаи искажения учения и утеря значимости традиции**

В статье рассматривается учение ирфан, традиция трапезничать за дастарханом (софра тутмак) в яссавизме, случаи искажения учения и утеря значимости традиции. Известно, что учение ирфан благодаря особой проникновенности в умы и сердца мыслящих людей имело широкое географическое распространение. Однако, зачастую, негативно настроенное окружение, в целом враждебно воспринимающее исламское учение, чинило всяческие препоны распространению учения Яссави Ирфан. В силу такого отрицательного влияния порой искажалось истинное учение Яссави. Автор статьи с целью выявить негативное влияние на истинное учение Яссави изучает опыт определенных групп людей, овладевших учением Ирфан. Искажение истинного учения или исчезновение основ учения порой было связано с полным истреблением людей, овладевших учением Ирфан, вплоть до уничтожения тех населенных пунктов. Однако автор подходит к проблеме философски. Он считает, что возврат к искомому положению и опыту учения Яссави зависит от исследователя-практика, который может довести учение до пользователя через среду или местоположение. Обычно пользователь умом и сердцем воспринимает направленные ему учение и мудрость мысли и перевоплощает в текст. Таким образом, местоположение и текст воплощают идею создателя в визуальное поле личности пользователя.

В исследовании рассматриваются понятия: местоположение, мир, учение, книга, страница, том, и через эти понятия раскрывается учение Яссави. Особого внимания заслуживает понятие «дастархан» (софра тутмак), которое представляет собой одно из важных шести наставлений пира своему ученику. В учении Яссави учитель, т.е. пир, в это понятие воплощает идею предназначения ученика в широком значении этого слова. Каждый ученик, получивший знания, имеет свое предназначение. Это предназначение передается через ритуал «дастархан». Ритуал свидетельствует о совершенстве ученика. Софра подразумевает и значение «путь», т.е. уже самостоятельный путь к совершенству.

Путь к совершенству отразился в суре «Адам». Кроме того, понятие «дастархан» (софра тутмак) предполагает и гуманность по отношению к человеку. Таким образом, понятие «дастархан» (софра тутмак) относится к одному из утерянных понятий учения Яссави. В статье раскрывается значение и мотивация традиционного ритуала «дастархан» (софра тутмак). Данный традиционный ритуал учения может уберечь от ошибочных шагов подрастающее поколение. А тем, кто оступился, станет уроком прощения на пути истинно верующего человека. Этот вопрос подробно обсуждается как в Сурах аль-Адам, так и в Сурах аль-Маида.

**Ключевые слова:** мудрость Яссави, традиции, Проведение трапезы, Сура Инсан, Сура Маида.

## Кіріспе

Мақалада әдеби шығармадағы метафоралар сөздің мәнін ашуы және Ясауитанудағы маңызды тақырып болып табылатын «софра тұту» немесе «дастарқан жаю» терминдерін түсіндіруді мақсат етеді. Метафоралардың сөз өнеріндегі орны мен әдебиеттанудағы және әлеуметтік ғылымдарда қай деңгейде қолданыста болатынын зерттейді. Осылайша, классикалық мәтін мен сөздің мәнін әлеуметтік ғылымдардың зерттеу әдістерін пайдалану арқылы түсіндіруге бағытталады. Классикалық әдебиеттегі шығармалардың саны мен мазмұны жағынан түрік ислам әлемінде өте көп екені белгілі. Сондай-ақ, бұл шығармаларды қазіргі кезеңдегі ортаға және қазіргі заманғы ғылым негізіне ауыстыруда кейбір қиындықтар кездесетіні де академиялық ортада мойындалған. Бұл мәселелер арасында басқа да шығармалардың жариялануы, баспаға дайындау принциптері, латын әріптеріне аудару әдісі қолданылады деген ұсыныс бар. Шындығында, мұнда классикалық шығармалар туралы айтылатын мәселе, сопылықта «ирфан» деп аталатын даналық көздерін батыстық зерттеудің нәтижесі ретінде жариялауда кездесетін транскрипт немесе пунктуация мәселесі жоқ. Оның үстіне, бұл шығыс адамы өз үйінің бөлмесін «шығыс бұрышы» деп атайды дегендей көрінеді. Басқаша айтқанда, классикалық мәтіндерде бекітілген әлем өзінің мағынасы мен тұжырымдамалық жазықты қалдырып, барлық жағынан «қысылып» тоналды. Соған қарамай, бұл мәтіндер қазіргі қоғамдық ғылымдардың бөлігі немесе зерттеу объектісі бола алмады. Әйтсе де, классикалық мәтінмен оның мағынасы, тілі және оның қалыптасқан әлемі қазіргі ғылым мен философияның ең өршіл тақырыптарының бірі болып табылады.

## Зерттеу мақсаты

Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты классикалық мәтіндерді бағалау кезінде туындайтын мәселеге назар аудару. Осы жағынан алғанда классикалық мәтіндер кең аумаққа таралатын ғылымдарды тұтастай қарастыру арқылы бағдарлама құру қажет. Бұл еңбектердің маңызды бөлігі діни ғылымдар шеңберінде, ал ішінара әдебиетшілер мен тарихшылар арасында бағаланды немесе бағаланып жатыр. Бір қадам алға жылжитын болсақ, көркем мәтіндердің семантикалық әлемінің көркем әдебиетте қолданылған түсініктемелер де назар аударуды қажет ететін мәселе.

## Зерттеудің әдіснамасы

Классикалық шығармалар арасында сопылық тариқатын насихаттайтын шығармалардың орны бір бөлек. Түркістаннан Рұм мен Балқанға дейінгі алып территорияда тараған сопылық тариқаттарының алғашқы насихатшысы Ахмет Ясауи екені белгілі. Түркістан пірінің тасаууф пен тариқатқа қатысты көзқарастарын бір арнаға топтастыру қажет. Осылайша, оның жеткізбек ойын да, хикметтерінің мәнін де үлкен бір аймақта тараған тарихпен өзара байланыста қарау арқылы ғана тұтас түсінуге болады. Бұл аймақтардың барлығы түрлі бөлшектерге бөлініп кеткен және оны біріктіру әрекеттері нәтижесіз, тек үмітсіздік тудырады деп айтуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, классикалық жазбаша суреттелген не ауызша сақталған мәтіндер ретінде естеліктерді айтуға болады. Бұл мәтіндерде есімдері аталған, Рұм мен Балқан аймақтарында өмір сүрген мұсылмандар мен түрлі тектес қауымдастықтардың ағартушылық таным-түсініктерінің қалыптасуына негізгі септігін тигізген негізгі тұлға Қожа Ахмет Ясауи екені сөзсіз (Н. Kâmil Yılmaz, 1996).

## Негізгі нәтижелер, ойталқы

Ясауидің Түркістаннан басталған қызметі Қытай, Үндістан, Хорасан, Рұм мен Балқанға дейін жеткені белгілі. Өзінен кейін жүйеге түсіріліген «мағрифат» түсінігі оның мектебінен жетіліп шыққан халифалар мен мұсылман түркілердің көмегімен аса ауқымды аймаққа тарады. Әсіресе, Рұм жерінде өмір сүрген түркілердің «мағрифат» жайлы түсініктері Түркістан пірі Қожа Ахмет Ясауидің тағайындаған халифалары арқылы сіндірілген болатын. Ұзақ бір көштен аса ауқымды аймаққа тараған түрік қауымдастықтары мен олардың артынан келген Ясауи дәруіштері «иршад»-ын жалғастырып, оның басқа бір қауымдастықтар арасында таралуын қамтамасыз етті. Тіпті, бұл мәселе Түркістан, Хорасан, Рұм және Балқан ерендері мен әулиелері арасында да көрініс берді.

Түркістандағы қайнаркөздер Шыңғыс хан басқыншылығы әсерінен әлсіреді және Әмір Темір кезеңінде Түркістан мен Хорасанда түгел жойылды. Ахмет Ясауидің иршадымен жолын жалғастырған қауымдастықтардың бұл мәселеге деген көзқарасы, және оған өз заманында қалай баға бергендігі де маңызды. Осыған қарамай, Ахмет Ясауи тарапынан әзірленген немесе жаңғыртылған тізбектің

ұсынған бағдарламасы о баста-ақ әлсіреген-тін. Бір жағынан мәжбүрлі көштер арқылы тараған, яғни Рұм мен Балқан жерлеріне тараған бұл бағдарламалар жаңа түрлерге енген күйі жалғасын тапқан еді. Біраз заман өткен соң бұл уақыт пен кеңістік арасындағы байланыстар да үзілді. Әрине, негізгі қайнарлар үзілген соң бұл дәстүр жаңадан пайда болған ортада жаңаша түрге еніп Ясауи дәстүрінің ақыл мен жүректегі орналасқан жерінен өшіп кетуі немесе ұмытылып кетуінің нәтижесінде оның негізгі тұжырымдамалық өрісі мен осы өрісті іске асыру жолы түсініксіз жағдайға жетті. Түсінгеннің өзінде де, іс жүзінде жойылып кетуі оның қолданыстан шығып қалуына себеп болды.

Ахмет Ясауи хикметтері немесе оның қасиетін дәріптеген жазбаларда ақын туралы қысқаша мәліметтермен бірге оның халифалары жайлы деректердің кездесетінін атап өту керек. Хикметтері мен оның атынан әрекет еткен ізбасарлары бұл жолды жүзеге асыруда қолданған әдістері сол кезеңдегі осы салада танылған топтардың назарына ілінбей қалды. Тіпті, бұл жазбаларда Ахмет Ясауимен қарым-қатынаста болған шайықтар мен халифалар және мүридтер байланысы оның жолын жүзеге асырушы ретінде көрсетілмеді. Өйткені, Ясауи есімі Әмір Темір билігі аяқталған кезеңде ресми айқындала түскен сопылық пен тариқат алаңының бір бөлігіне айналған еді. Ахмет Ясауидің халифалары және олардың ұстанған жолы теріс бір бағытқа ауысып кеткендей еді. Осылайша, бір алаңды ортадан екіге бөліп, екеуін де өзінің заңдылығы үшін пайдалану және мәселеге қайта оралу немесе қалпына келтіру мүмкіндігі жойылды немесе күн тәртібінен алынып тасталды.

Қандай жағдай болғанда да, Рұм мен Балқан аймағында өмір сүрген қауымдастықтар Ясауи халифалары көмегімен Ясауи тапқырлық тұжырымдамалары мен тәжірибелерін сақтап қалуға қол жеткізді. Ал, Ясауи ізін жалғаған қауымдастықтар негізгі ұғымдар мен тәжірибелерді сақтағанымен, олардың мәнін жоғалтып алды. Басқаша айтқанда, кем дегенде мұнда талқыланатын мәселелер төңірегінде қарастырылатын ұғымдардың мағынасы жойыла бастаған (Ahmet Taşğın, 2013).

Кеңкөлемді аймақтар тараған Ясауилік дәстүрі негізінде қалыптасқан қауымдастықтар да бұл дәстүрді өзіндік тұрғыдан түсіндіргендіктен өздері тұрып жатқан мекен не аймақтың мағынасын жоғалтып алды. Нәтижесінде, ілімнің мәнін жоғалтумен бірге мекеннің де мәні жо-

ғалды. Осылай, өз өмір сүрген кеңістігін жоғалтқан соң хабарды да жоғалтты. Мұның бәрі Ясауилік мағрифатқа байланысты ұғымдар мен мағыналар әлемін қайтадан шақыруға болатын орындардың екі түрін де жоғалтады (Наси Bektaş Veli, 2011). Мүмкін, одан әрі бұл мекеннің жойылуы үшін соңғы қамалды да бұзуға тырысуда. Бұл мекеннің алғашқысы – адамның өзі. Адам бір мекен ретінде Ясауилік дәстүрдің мәнін сөзбен әрі жазбаша түрде таратуда. Сөздегісі – ақыл және жүрекке жазылады. Сонымен бірге сөздік мәтіндер тері, т.б. заттарға жазылады. Бұл екі дәстүр мекен ретінде адам тарапынан қамтамасыз етілген. Осылайша, Ясауи ирфан дәстүрі сөз бен жазудың көмегімен бүгінге жетіп отыр. Бұл тұрғыдан алғанда, «талей» (Rağıb el-İsfahani, 2012), зерттеп қолға алғанын ақылы мен жүрегіне жазулы жазбамен бүгінге жеткізді. Ал, екінші мекен болса, Ясауидің халифалары мен дәруіштердің, яғни Түркістан мен Хорасандағы пірлердің кесенелері. Бұл екі мекен де Рұм және Балқан аймағында өмір сүрген Ясауилік мағрифаттың өнері (Yılmaz Kurt, 1993). Осыған байланысты кездесетін тағы бір мәселе – ұғымдар мен мағыналар әлемін қалай тәжірибеге келтіру мәселесі. Бұл мәселені шешу және түсіндіруде Рұм мен Балқан рөлі ерекше. Рұм мен Балқан аймағында өздерін Түркістан мен Хорасанға байланысты қараған ерендер мен әулиелерге қосылған қауымдастықтар орналасқан. Олай болса, бұл жазбаларды басынан аяғына дейін қолға алып ұғым мен мағынасын ашу қажет (Ahmet Taşğın, 2014). Өйткені, Ясауи есімі мен ол таратқан ағартушылық дәстүр бұл қауымдастықтар ішінде жазба және сөздік мәтіндер арқылы қорғалған.

Ясауитанудағы зерттеулер ұзақ замандардан бері жалғасын тауып келеді. Жүргізілген зерттеулердің кемшін тұстары, анықталмаған мәселелер әлі де болса жалғасын табуда. Әсіресе, «Ислам ғылымдарының» қалыптасуы мен белгілі бір заңдылыққа қол жеткізуде орталықта қалыптасқан ғылымдар айналасында құрылған. Бұл ғылымдардың процесте алған мәні мен олар енгізген әдіс барлық салаларды қамтыды. Осы себепті Ясауитану айналасында қалыптасқан ағартушылық ғылымдардың түсінігі, әдісі мен мағынасынан тыс қалды. Сопылық тариқаттары жайлы қалыптасқан ғылым бұл мәселенің ең жарқын мысалы іспетті.

Әрине, Ясауитанудағы жоғарыда айтылған мәселелерге назар аударылған зерттеулерде билік құралына айналған осы саланың деректерімен

кемшіліктер немесе олар бағытталған мәселелер түсіндіріледі. Басқаша айтқанда, бұл зерттеулерде үкімет құрған және заңдылығы біраз уақыт бойы талқыланбайтын және абсолютті ақиқат ретінде қабылданған ғылымның сыйы мен әдісі, оның шеткі және қоршаған ортаға назар аударатын отырып, субъектінің өзіндік мүмкіндігіне назар аударды. Осылайша, осы уақытқа дейін иесевиизмді зерттеген топтар Есевилик пен оның ізбасарларын «суннизмнен» тыс немесе гетеродокс, синкреттік деп атағанымен, бұл зерттеуде бұл әдісті ұстану қиын болды және олар табиғи түрде қарсылық білдірді. Өйткені, тақырып бойынша материалға жасалған күш әдіс бойынша жасалмайды. Бұл жағдай тиісті топтардың қысқа уақыттан кейін күш пен құралға айналғанын көрсетеді.

Ясауилік өзі пайда болып қалыптасқан кеңістік шекарасынан тысқа шығып, нәтижесінде іштей пайда болған түрлі бағыттар кеңейе түсті. Біраздан соң ясауилік орындаушылар тарапынан басқа бір тілмен жаңа мекенге аударылды. Дегенмен, Ахмет Ясауи немесе сопылық пен тариқат тарихи ғылым ордасына қай тақырыпта қандай жаңалықтар алып келді, қандай тұжырым мен мағынаны ортаға шығарды? Бұлардың бәріне қандай әдісті ұстанды деген сияқты негізгі принциптер нақтылану керек болатын.

Ясауи мен ізбасарлары қалдырған бағдарлама және оның әдісі өз алдына арнайы тақырып болғандықтан осы тәжірибелерге сүйене отырып, жаңа сопылық пен тариқат тарихы жазылуы қажет. Немесе Ясауи және ізбасарлары дайындап ұсынған негізгі ұстанымдар төңірегінде жаңа бір тұжырымдамалық кеңістік немесе әдістер құру қажет (Науати Висе, 1996).

Бұл сұрақтармен көрсетілген жерден тақырыпты шешудің орнына, тарихқа немесе әлеуметтік тарихқа және әлеуметтік тарих алынған тұжырымдамалық өріске әсер ету арқылы қорытынды шығарылады. Бұл жағдайда оны сопылық пен тариқаттың қалыптасқан тұжырымдамалық өрістері мен атауларына жуықтауға немесе ұқсастыруға мәжбүр. Әрине, Ясауи туралы зерттеулер олар басталған жерге қарай созылады және бір қадам алға жылжымайды. Өйткені оның баратын жері оның бастапқы нүктесімен бірдей. Барған сайын, олар ұсынғанның орнына, олар қандай кадрлармен әрекет еткені және қайда және қалай қоныстанғаны туралы ақпарат беріледі және тақырыптың мазмұнын түсіндіруден аулақ болады.

Нәтижесінде Ясауи өмірінің тұжырымдамасы мен семантикалық әлемі мен оның даналығында жеткізілген тапқырлығы мен әсе-

рі бүгінгі күнге дейін сақталған рұмдар мен балқандардың танымына баса назар аударылмады. Өйткені бұл құрылтайшының конструктивизмі мен олардың жазбаша және ауызша мәтіндері тақырыпты баяндаушылармен есепке алынбайды, тіпті бұл саладан әдейі аулақ болғандай әсер береді (Umay Günaу, 1992).

Ясауилік жайлы зерттеулердегі негізгі тақырыптар тарихи және әлеуметтік мәселелермен қатар тұлғаны сипаттауға арналған. Бұл жағдайда Ясауи даналығының өзіндік бір саласы бар деген қорытынды шығарылады және оның қайнаркөзіне қатысты әртүрлі нәтижеге қол жеткізіледі. Ясауиліктің тұтастай тұжырымдамалық өрісі осы өрісті құрайтын бөліктердің бірінен екіншісіне ауысқан мағыналық әлемнің арасында орнатылмаған. Табиғи жолмен орнатуға болмайтын бұл қатынас басқа салалардан көмекке үміттеніп, интегративті көзқарастан алыстау нәтижесінде алынған біліммен әр түрлі салаларға жатады. Одан алынған үзік-үзік ақпараттар басқа аймаққа жеткізіледі. Осылайша, аймақ кеңейгендіктен оны қадағалау және қарым-қатынас орнату қиындай түседі (Irene Melikoff, 1992).

Қорыта келе, Ясауилік жайлы зерттеулердегі негізгі мәселе, Ясауи даналығының қалыптасқан түсінігі мен мағынасын аша алмау, ұғым мен мағыналық әлем арасындағы байланысты орната алмау, сонымен қатар мағынаның жоғалуы, белгісіздікті қадағалау болып табылады. Бұл негізгі мәселе жалпы түрік не мұсылман әлеміндегі классикалық жазбалардағы ұғымдар мен мағыналар әлемін түсіну және аударылуы әлеуметтік ғылымдар үшін өрнек ұсынатын мүмкіндікті де бағалау қажет. Осылайша, бұл көптеген мәтіндердің әлеуметтік ғылымдардың пәніне айналуына және осылайша көптеген зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді (Ali Yıldırım, 2013).

### Софра тутмак немесе Дастарқан жаю

Ясауи хикметтері арасында «жетім», «міскін», «ғаріп» сөздері кездеседі. Тіпті, бұл кейбір хикметтерде ерекше көрініс береді. Әзірет Мұхаммед (с.а.у.) Миғражға көтерілуінде де жетім мен міскіннің жағдайын сұрағаны себеп болған. «Софра тутмак» немесе «дастарқан жаю» мәселесін осы арқылы терең түсінуге болады.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул сұрады,  
Ол түн Миғражға шығып Хақ дидарын көрді.  
Қайта келіп түскенде пақырдың халін сұрады,  
Ғаріптердің ізін іздеп түстім мен де.

.....

Ғаріп, пақыр, міскіндерді қуантып,  
Бөліп ғазиз жанды құрбандыққа шал.  
Жемек тапсаң жаныңменен мүсәпір,  
Хақтан есітіп бұл сөздерді айттым мен де.

Ғаріп, пақыр, жетімдерді кім сұраса,  
Разы болар ол құлынан Алла да.  
Әй, хабарсыз сен бір себеп, өзі сақтар,  
Хақ Мұстафа насихатын естіп айттым мен де.

(Науати Висе, 2014)

Ясауиге қатысты деректер арасындағы насапнамада (шежіреде) «Софра тутмак немесе дастарқан жаю» тақырыбы сөз болады. Бұл дерек Ахмет Ясауи және оның ата-бабалары жайлы берілген мәліметтер арасынан орын алған. Бұл термин, қандайда бір жерде иршад әрекетін бастаған пір немесе тәлімгердің осы міндетті орындайтын жерге бекітілгенін білдіреді (Ашірбек Мүминов, 1994).

«Қожа Ахмет Ясауидің әкесі Ибраһим шайықтың Әбу Мұса атты сахабасы бар-тын. Әбу Мұса қажы он бес жыл Ибраһим шайықтың қызметінде болды. Ибраһим шайық Әбу Мұса қажыға Қызырдың (ғ.с.) ишаратымен «Ясы елінде дастарқан жай!» деп рұқсат берді. Қырық үш жыл Ясы елінде софра тұтты. Қырық жыл Қызырмен (ғ.с.) сұқбаттас болды. Ол уақта Ясауи Ахмет жиырма жаста болатын.

.....

Сопы Мұхаммед Данышменд Зарнұқи келді. Ахмет қажы атаның қызметінде қырық рет қалды. Содан соң шайық Ахмет Ясауи, Сопы Мұхаммед Данышмендке рұқсат беріп: «Бар, Отырарда дастарқан жай!» деді. Сопы Мұхаммед Данышменд Отырарда қырық жыл софра тұтты. Жетпіс жыл Қызырмен (ғ.с.) жетпіс жыл сұқбаттас болды» (Mevlana Safiyüüd-din, 1996).

Насапнаманы баспаға дайындаған профессор, доктор Кемал Ераслан дастарқан (софра) жаю жайлы мынадай пікір айтады:

«Софра тұт» – құзырына келгендерге дастарқан жайып, жегізіп, ішіру деген терминнің мәні, негізі мен тізбегі жайлы жеткілікті мәлімет жинай алмадық. Мехмет Зеки Пакалдың мәліметіне сүйенсек, сомат (<A simat) сира, дизи, софра кесенелерде әсіресе Мәуләуилер мен Бекташилерде матадан дайындалатын. Софра үш түрлі: 1. Былғарыдан жасалып, айналасына сақиналар тігілетін. Сақиналардан шынжырлар өткізіліп, қолданылмаған кезде сөмке құсап жинап қойылатын. 2. Кония Мәуләуиханасында қолданылған былғары софра.

3. Бір аршын көлемінде ұзын бір былғарыдан жасалған софра. Мұны «elifi somat» дейді. Жеп-ішкеннен соң «somat günbângi» оқылатын» (Neseb-nâme Tercümesi).

Гөлпинарлы да бұл тақырыпқа сопылық өрнектері жайлы шығармасында «somat» түрінде орын берген. Әйтсе де, софра тұту, дастарқан жаю жайлы арнайы анықтамалар берілмеген (Abdülbâki Gölpinarlı, 2004). Соған қарамастан Ахмет Ясауи және Қажы Бекташ Уәли арасындағы байланыстарды зерттеген Қажы Бекташ журналы жарыққа шығуымен түсіндірме беріліп отыр. Гөлпинарлы журналдағы өрнектер жайлы мынадай түсініктемелерін ұсынады:

«Sofra, Bektaşilerde, meşinden, çeşitli yiyecek şeyler konmak için gözleri bulunan ince uzun bir sofradır ki bunu bellerine sararlar ve Arab alfabesinde ‘elif’, yani ‘a’ harfine benzediğinden ‘elifi sofrâ’ adı verilir. Şeyh, halifelik verdiği dervişe bir de ‘elifi sofrâ’ sunar» (Abdülbaki Gölpinarlı, 2014).

Дастарқан жаю тақырыбының Түркістан және Хорасан өлкелеріндегі мағыналары жоғарыда берілді. Тақырыптың Рұм өлкесіндегі анықтамасын Қажы Бекташ Уәлидің Ахмет Ясауимен байланыстары арқылы түсіндіруге болады. Қажы Бекташ Уәли Рұм өлкесіне шықпай тұрып Хорасаннан Түркістанға, Ахмет Ясауидің қасына барады және сол жерде оған Рұмға иршад етуге рұқсат беріледі. Қажы Бекташ Уәлидің бұл жауапкершілікті алуына алты рет белгі беріледі. Бұл белгілердің бірі – осы софра еді.

«Ахмет Ясауидің басында ұзындығы бір зира келетін элиф тәжі болатын. Бұл тәжі шамшырақ, дастарқан, жайнамазбен Тәңірден Мұхаммед пайғамбарға (с.а.у) берілген болатын. Ол да мұны Әлиге (р.а.) берген еді. Имам Әли имам Хасанға ұсыныпты. Одан имам Хусейнге тиіпті. Имам Хусейн оларды имам Зейнелабинге ұсыныпты. Ол да ұлы имам Мұхаммедке беріпті. Ол ұлы Имам Жағыфар Садыққа тапсырыпты. Ол ұлы Мұса Қазымға, ол ұлы Имам Әли Ризаға қалдырыпты. Имам Риза аманатты Түркістан пірлерінің бірі Қожа Ахмет Ясауиге ұсыныпты. Бәрі де шайықтың кесенесінде тұратын. Оларды халифаларынан ешкімге бермеген еді. Сұралған кезде өзінің иесі бар, келеді дейтін. Біреу келіп шайықтан киім сұраса не болса соны кидіретін. Тіпті, бір шәкірті құрбандығын алып келетін болса, оның терісінен киім тігіп, оны беретін.

Бірде халифалар бір жерге жиналып, шайықтан сұрайық оларды бірімізге берсін десті. Таңсәріде тоқсан тоғыз мың халифа таң намазын оқыды. Қожаның ауласы өте кең бола-

тын... бұл аманаттар ол адамның ақысы, элиф тәжі өздігінен ұшар, басына қонар, киім үстіне киіледі, шамшырақ жанады, дастарқан келеді, ғалам басының үстіне келер, жайнамаз астына төселеді. Өзіңізді қинамаңыз олардың өз иесі бар. Шығады, келеді.

Халифалар бұл сөзді ести сала, ұялғаннан бастарын төмен салды. Бір кезде қараса көпке сәлем беріп бір ер кіріп келді. Отырғандарды аралап өтіп, бір жерге отырды. Бұл – ер Хункар Қажы Бекташ Уәли болатын...

Намазын оқып болған соң орнына барып отырды. Элиф тәж орнынан қалқып, ұшып Бекташтың басына орналасты. Мұның бәрін мұқият бақылап отырған халифалар бірінен соң бірі салауат айтты. Киім де ауаға көтеріліп сыртына қонды. Шамшырақ орнынан қалқып алдына келді. Пайғамбардың (с.а.у.) *sansağı da тұрған жерінен қозғалып Хункардың басының ұшына тігілді. Жайнамаз алдына келіп төселді.*

Қажы Бекташ бұл аманаттарды Ахмет Ясауиге ұсынды. Қожа дәстүрге сай Хункарға аманаттарды тапсырды, рұқсатын беріп: «Әй, Бекташ, міне толығымен несібенді алдың. Мұғжиза болсын, құтб-ул ақтаб болу саған нәсіп болды. Біз бұл жоқтық әлемінде уақытшамыз, бәрібір ақыретке кетеміз. Бар, сені Рұмның жолына салдық. Сулужакараһөйүк (ауылдың атауы) жұртын саған тапсырдық. Рұм абдалларына сені басшы тағайындадық. Рұмда шыншылдармен қатар ақымақтар, маскүнемдер көп. Ешбір жерді артық қызық көрме, тек алға қарай жүр...» (Menâkıb-ı Hünkâr Nası Bektaş).

Қажы Бекташ Уәлидің ұрпақтарынан саналатын Челебилер өздеріне тән халифа тағайындауда жақын замандарға дейін «софра»ны негізгі шарттардың қатарында санаған. Бекташилiкте софра, иршад мақамына жеткен кісіге беріледі. Бүгінге дейін түрлі Бекташия қауымдастықтары софра дәстүрін орындап келеді. (Bedri Noyan, 2005) Бұдан басқа жалпы тариқаттарда софра немесе тамақтану әдебі өзіндік артықшылықтары бар дәстүр болып есептеледі (Necdet Tosun, 2012).

Қажы Бекташ Уәлиге қатысты, тіпті оның ұрпақтарынан болып келетін Челебилер арасында софра тақырыбы жақын кезеңдерде жазылған бір рұқсатнамада да сақталыпты.

«Бұл құжат Алланың көмегімен аяқталды. Құжаттың жазылу себебі арифтердің сұлтаны, нұрлардың жарқыны Сұлтан Қажы Бекташ Уәли – Аллаһ оның құпия әрі ашық толық сырларын ұлғайтсын. Әзіреттерінің ұлы тариқатына қатысты Синекли ауылындағы Сеййид Әли Сұлтан

ұрпағы Сеййид Уәлийиддин ұлы Мұстафа халифа әулиенің жолын қабылдап, софра, шамшырақ, қылышпен рұқсат беріліп халифа болуға лайық деп табылсын.

Мүриттері бағынып, одан пайдалансын. Ешбір тариқат ерені бұл қызметіне қарсы шықпай, бұл рұқсатнама қажет жеріне жаратылсын. Аллаға тәуелді болғандарға Оның сәлемі болсын. Бұл құжат Әлемдердің жаратушысы Ұлы Алланың көмегімен сейсенбі күні Раббиул аһир айының жиырмасыншы жұлдызында жазылды (1855 жылғы 10 қаңтарға сәйкес келеді) (H. Durşun Gümüşoğlu, 2011).

### Дастарқан, сапар және міскін, жетім мен тұтқынға тамақ жегізу үшін барын салу

Жоғарыда «Дастарқан»ның қолданылуы және ол жайлы деректер қарастырылды. Ал, бұл бөлімде әдебиеттердің кілт сөзі ретінде қолданылған «софра» мен оған байланысты терминдерге, сондай-ақ қолданылған ұғымдардың мағыналары мен олардың орындалу талаптарына орын берілді. Түсіндірмелердің сілтемелері толық өңделіп, тақырыпты өз деңгейінде көруге мүмкіндік берілді. Осылайша, бөлшектерден бүтін тұтастық құруға және сол тұтастықты ішкі мағыналарымен түсінуге мүмкіндік берілді.

Сонымен бұл бөлімдегі мәселелерді зерттеудегі алғашқы екі қайнаркөз, Құран Кәрімнің «Инсан» және «Маида» сүрелері. Сондай-ақ, соған қатысты аяттармен бұл аяттардың түсіндірмесінде қолданылатын сөздер мен түсіндірме сөздік беріледі және осы екі дереккөз арқылы Ясауидің ағартушылық мақсаттары қарастырылады.

Құран Кәрімдегі сөздердің мағыналарын түсіндіретін дереккөздерден саналатын «Муфредат» кітабында «Софра» (Дастарқан), «Сапар» сөздерінің түсіндірмесі берілген. Сапардың екі мағынасы бар.

А – сапар, мата және жол жүру мағыналарын білдіреді. Мысалы: «Бір затты жабу, жабылған мата немесе пердені ашу не түсіру.

[رفس] сөзінен жолға арналған тамақ және (бұл тамақты жеу уақыты) оны салатын ыдыстың атауы «ترفس» сөзінен алынған (Rağib el-İsfahani, 2012).

Муфредатта «Секен» (Seken) сөзінің анықтамасында «Міскін» сөзіне берілген түсіндірме:

В-) (نوكسلأ): Бір заттың әрекет етуін және артында бір орынға тұрақтауы. «Бір жерге тоқтау», «бір жерде отыру» мағыналарында қолданылады. «Mesken» (мекен) сөзі де осы түбірден тарайды.

Араб тілінде «Es-Sikkin, (пышак): Бауыздалған жануардың әрекетіне байланысты осылай аталады» (Müfredât).

«Sefer» және «seken» екі сөз арасындағы байланыс оңай түсіндіріледі. Сапар, мата, жол бойында бір жерге тоқтау да «sükûn bulmak» мағынасына сәйкес келеді. Яғни, жол бойынан бір жерге аялдау, орналасқан жерге берілген атау. Демек, міскін деп – саяхатында бір жерге аялдаған кісіге айтылады. Маңыздысы сапарда болуы. Осыған сәйкес, адам қаншалықты салмақты болса да, сапарынан артта қалады немесе үстін перде қаптайды. Пайғамбарлар, нәбилер, шыншылдар мен шынайы ықыласты құлдар, яғни Алланың достары, әйгілі тіршілік иелері мен ахсани тақвим болғандар саяхатын үнемі жүзеге асыру үшін Алланың әмірлерін орындайды.

Жоғарыда қарастырылған екі тақырып Футууаттың шығыс нүктесін белгілейді. Бұл жайлы Инсан және Маида сүрелерінде мәліметтер берілген. Екі сүреде де футууаттың негізгі принциптері қарастырылған. Футууат – риясыз немесе сауабын тек Алладан үміт ете отырып міскін мен жетімге және құлдыққа түскен адамға тамақ ұсыну немесе тойдыру. Бұл сүрелердегі тақырыпқа қатысты аяттар төменде беріледі.

Дастарқан мағынасын білдіретін «Маида» сүресін ( تَدَائِمًا ) – кеңірек мағынада қарасақ, ішінде жейтін тамағы бар ыдыс немесе дастарқан не леген мағыналарын да білдіреді. Ішінде тамағы болмаған кезде نَاوَح (Хауан / Хиуан) делінеді (Müfredat).

«Инсан» сүресінде адам баласының қалай жаратылуы, адам ретінде жер бетіндегі артықшылықтары баяндалады. «Инсан» сүресі жер бетіндегі адамдардың жағдайын 3 негізгі түрге бөліп қарастырады және адам ретіндегі қорғанысын үш сатыда қарастырады. Соған сәйкес, үш түрлі ішімдік жайлы сөз етіле келе ғылым мен хикметтің ассимиляциялануына назар аударады. Бұл үш ішімдік арқылы қарастырылған ассимиляция процесінің алғашқы сатысында жұмаққа лайықты құлдар «кафур» қосылған кеседен шарап ішеді. Бұл дәрежеге қол жеткізгендердің сипаты Инсан сүресінің 6-10-аяттарында баяндалған. Екінші сатыда «Зәнжәбил» қосылған ішімдік арнайы кесемен ұсынылады. Ол бейіштегі сәлсәбил атты бастаудан алынады. Үшіншісі, Раббысы оларға тап-таза ішімдік ішкізеді. Бұл үш жағдай үш ауыр жағдайға жауап ретінде қарастырылған. Яғни, міскін, жетім және құлдыққа түскендер үшін өздерінің жақсы көрген тамағынан жегізуге тырысады. Бұл жағдай адамдардың жеке және

әлеуметтік өмірдегі үш түрлі уақыт кезеңінде үш түрлі қауымдастыққа айналғанын және осылай болуының себептерін көрсетеді. Осылайша, бұл үш жағдай не үш кезең үш түрлі адамды қалыптастырғанын, сондықтан үш түрлі сақтану қажет болған жағдайларға ишарат ете отырып үш ішімдік ұсынылады. Бұл үш ішімдік ғылым мен хикмет мағынасын береді.

5 – «Сөзсіз, ізгілер де кафур қосылған толы кеседен ішеді.

6 – Бір бастау бар, одан Алланың құлдары ішеді, Bir kaynak ki ondan Allah'ın kulları içerler, олар оны әдемі жолдар салу арқылы ағызады.

7 – Ол құлдар уәделерін толық орындайды және ақырет күнінен қорқады.

8 – Міскіндерді, жетімдерді және құлдыққа түскендерді шынайы ықыласпен тамақтандырады.

9 – «Сізге Алланың ризалығы үшін жеп-ішкізіп отырмыз. Сізден не бір қайтарым не бір рахмет күтіп отырған жоқпыз».

10 – Расында, біз уәделер орындалатын азабы ауыр күнде Раббымыздан қорқамыз» дейді.

11 – Аллаһта оларды ол күннің жамандығынан сақтайды, жүздеріне жарқындық, көңілдеріне қуаныш ұялатады.

Маида сүресінің атауы да мұнда талқыланып отырған тақырыпқа сәйкес берілген. Мариам ұлы Исаның заманындағы хауариждердің өздеріне бір дастарқан түсіруін қалаған оқиғаны баяндайтын аяттар да орын алған.

109 – Аллаһ, Елшілерін жинаған күнде: «Сізге қандай жауап берілді? – дейді. «Біздің бұл туралы біліміміз жоқ, Құпияларды білетін жалғыз Өзіңсің! – дейді.

110 – Аллаһ былай дейді: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Саған әрі анаңа берген нығметімді есіңе ал! Сол уақытта сені Жәбірейіл арқылы қуаттаған едім. Бесікте және ержеткенде адамдармен сөйлесуші едің. Саған жазуды, даналықты, тәурат пен інжілді үйреттім. Сол уақытта менің бұйрығыммен балшықтан құстың бейнесін жасап, оның ішіне үрлегенінде ол менің бұйрығыммен құсқа айналатын. Анадан тума соқыр болғандар мен аламестерді де менің бұйрығыммен жазатын едің. Өлілерді рұқсатыммен өмірге қайтаратын едің. Және сол уақытта Исраил ұлдарына ашық дәлелдермен келгенінде, олардың қарсы шыққандары: «Бұл ашық сиқырдан басқа нәрсе емес» дегенде, сені олардан қорғаған едім».

111 – Сол уақытта хауарилерге: «Маған және елшіме иман келтіріңдер» деп білдірген едім. Олар: «Біз сендік, біздің шынайы мұсылман болғанымызға куә бол» деген еді.



112 – Хауарилер: «Әй, Мәриям ұлы Иса! Раббың бізге көктен бір дастарқан түсіре ала ма? – деді. Иса да: «Егер сендер одан қорқындар» – деді.

113 – Хауарилер: «Біздің одан жегіміз келеді. Жүректеріміз орнықсын әрі сенің бізге шын айтқаныңды білейік. Сондай-ақ оған куә болушылардан болайық» десті.

114 – Мәриям ұлы Иса да: «Аллаһым, Раббымыз! Бізге аспаннан дастарқан түсір! Бұрынғы, соңғымызға мереке әрі Сенен бір белгі болсын. Бізді ризықтандыр! Сен ризықтандырушылардың ең жақсысың» деді.

115 – Алла: «Күдіксіз Мен, ол дастарқанды түсіремін. Сонда, егер одан кейін сендерден кім қарсы келсе, шынайы түрде Мен оны дүниеде ешкімді азаптамаған азаппен азаптаймын» деді.

«Инсан» және «Маида» сүрелері ғылым және даналықпен адамның жаратылысына сәйкес болуын, үнемі сапарда жүргендей сезінуін, оны қамтамасыз ету үшін үнемі міскін, жетім және құлдыққа түскендерге ең жақсы көрген нәрселерінен дастарқан жайып, араларындағы пердені ашып, сапарын ары қарай жалғастыруын бұйырады.

### Қорытынды

Мақалада, Ясауи даналығында маңызды рөл атқаратын «софра тутмақ немесе дастарқан жаю» дәстүрі жайында деректер ұсынылды. Софра немесе дастарқанның мәні, қандай негіздерге қарай қалыптасқандығы жайлы қысқа бір зерттеу жүргізілді. Бұған сәйкес, дастарқан жаю – пір немесе тәлімгер тарапынан Қызырмен сұқбаттасу мәртебесіне қол жеткізген халифаларды дербес қызметін бастауы үшін берілетін міндет мағынасын білдіреді. Бұл дәстүрді осы міндеттің себебі ретінде өздеріне берілген немесе түсірілген дастарқан, тамақ, ілім, жүректің тыныш болуы, өзі де сөзі де бір жерден шығатын шыншылдық қасиетті меңгеруге мүмкіндік беретін ғылым мен даналық мәжілісі деуге болады. Пір мен мұршидтің дастарқанына отырған немесе өздеріне дастарқан берілген адамдар – білім мен даналықты қатар меңгерген немесе өзіне екеуі де қатар беріліп «мутмаин» дәрежесіне қол жеткізген және кедейлерді, жетімдерді және тұтқындарды олардың жағдайынан шығару міндетін өзіне алғандар болып табылады.

Дарстарқан – сапарынан қалып, қайта сапарға дайындала бастаған міскін үшін ашылады. Осылайша, міскін, өзіне саяхатын жіберіп алуына себеп болған ақиқаттардың жойылуына

байланысты дастарқанға шақырылады немесе өзінің атына дастарқан жайылады. Міскін үшін оған ашылған ғылым мен даналық дастарқаны жеп ішетіндерінің болуы, сый-құрметпен сапарына қайта оралуы үстіндегі дастарқанның ашылуына көмекші болады.

Дастарқан иесі, орындағандарын өзіне бір міндет ретінде орындайды немесе оған арнайы тапсырма ретінде жүктеледі. Орындаған міндеті себепті міскін, жетім және тұтқыннан мүлде ақы талап етпейді. Олардан емес, қайта Алладан үміттенеді. Яғни, жалғыз Алла ризалығы үшін орындайды. Осыған сәйкес, бұл міндетті орындаған адам, Қызырмен сұқбаттасу дәрежесіне қол жеткізген кісі болуы ерекше көрсетілген.

Әдеби шығармалар арасында да «Симматия» (Simatiyye) және «дастарқан жаю дәстүрі» көптеп кездеседі. Өз алдына әдеби шығармалар арасында дастарқан тізбегі де бар. Әсіресе, Түркістан және Хорасан ағартушылығын жалғастырған қауымдастықтарда дастарқан тізбегі егжей-тегжейлі берілген. Әйтсе де, жоғарыдағы негізгі шығыс нүктесі замандар өте келе мағынасы жойылған және дастарқан жаю тақырыбы белгісіз жағдайға келген.

Қорыта келе, классикалық мәтіндерді әлеуметтік ғылымдардың басқа салаларында, сондай-ақ әдебиет пен тарихтағы ауызша және жазбаша шығармаларға арналған зерттеулерде бағалау керек екені белгілі болды. Тиісінше, әлеуметтік ғылымдардың басқа салаларына таралатын зерттеулер нәтижесінде осы мәтіндерде қолданылатын метафоралардың мағынасын ашып, оларды негізін қалаушы мәтін ретінде қарастыру тарихты, географияны, мағынаны және концептуалды жадты қайта құруға мүмкіндік береді және ол жадтың бөлшектенуіне жол бермейді, кем дегенде оларды бірге көруге мүмкіндік береді. Әйтпесе, классикалық мәтіндер, география мен мәтіндер жасалған орта әртүрлі себептерге байланысты өзгерді, қалыптасқан жерден көшірілді немесе көптеген өзгерістерге ұшырады. Бұл ұғымдар мен мағыналық әлем өзгеруге, тасымалдануға және интерференция әсеріне байланысты түсінік пен мағына өрісін әлсіретеді немесе жоғалтады. Осы себепті Түркістан мен Хорасанның географиясы мен әлеуметтік-мәдениеті төңірегінде жасалған мәтіндердің мағынасы мен екіұштылығын жоғалтуды оларды анықтау және біріктіру арқылы жандандыруға болады. Бұл ұғымдар рұм мен балқандықтарға берілгендіктен жоғалған, ұмытылған және белгісіз көптеген мәселелерді қайта қарауға немесе түсіндіруге

көмектеседі деп айтуға болады. Бұл рұм және себептерін түсінуге және жоғалған немесе белгі- балқан қауымдастықтарына олардың өмір сүру сіз зандылығын өмірге әкелуге мүмкіндік береді.

### Әдебиеттер

- Bice Hayati (2010) Hoca Ahmed Yesevi Divan-ı Hikmet, Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.
- Bice Hayati (2011) Pir-i Türkistan Hoca Ahmed Yesevi, İstanbul: İnsan Yayınları.
- Engin Refik (2013) – Ali Çakır, «Amuca Bektaşilerinde Sofra ve Sofra Erkânı», Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı 65, ss. 299-312.
- Gölpınarlı Abdülbaki, (2014) Manâkıb-ı Hünkâr Hacı Bektâş-ı Veli Vilâyet-Nâme, İstanbul: İnkılap Yayınevi.
- Gölpınarlı Abdülbâki, (2004) Tasavvuftan Dilimize Geçen Deyimler ve Atasözleri, İstanbul: İnkılap Yayınevi.
- Gümüšoğlu H. Dursun, (2011) «Bir Çelebi İcazetnamesi», Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi, Sayı 59, ss. 423-442.
- Günay Umay (1992) «Ahmed Yesevî'den Hareketle Yazılı Kültürün Sözlü Kültüre Etkisi Konusunda Tespitler», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 25-31.
- Hacı Bektaş (2011) Veli, Makâlât, Hazırlayan Ali Yılmaz vd. Ankara: Türkiye Diyanet Vakfı Yayınları.
- el-İsfahani Rağıb, (2012) Müfredât Kuran Kavramları Sözlüğü, Çeviren ve Notlandıran Yusuf Türker, 3. Baskı, İstanbul: Pınar Yayınları.
- Kara Mustaf (1996) «Yeseviyye'nin Temel Kitabı Cevâhiru'l-Ebrâr min Emvâci'l-Bihâr», Ahmed-i Yesevî Hayatı Eserleri Tesirleri, Hazırlayan Mehmet Şeker-Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, ss. 241-269.
- Kurt Yılmaz (1993) «Hoca Ahmed Yesevî'nin Rum Eyâletindeki Zaviye Kurucuları Üzerindeki Etkileri», Milletlerarası Hoca Ahmet Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Kayseri: Erciyes Üniversitesi Yayınları ss. 255-270.
- Melikoff Irene (1992) «Ahmed Yesevî ve Türkler'de İslâmiyet», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 61-67.
- Melikoff Irene (1993) Uyur İdik Uyardılar, İstanbul: Cem Yayınevi.
- Mevlana Safiyyü'd-din, (1996) Neseb-Nâme Tercümesi, Hazırlayan Prof. Dr. Kemal Eraslan, İstanbul: Yesevi Yayıncılık.
- Müminov Aşirbek Kurbanov, (1994) «Mübeyyidiyye – Yeseviyye Alakası Hakkında», Bir Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi, Sayı 1, ss. 115-123.
- Noyan Bedri (1993) «Alevilik ve Bektaşilikte Sofra Adabı», Cem Dergisi, Sayı 26, ss. 7-10.
- Noyan Bedri, (2011) Bütün Yönleriyle Bektaşilik ve Alevilik Cilt 9, Ankara: Ardıç Yayınları.
- Ocak Ahmet Yaşar (1992) «Anadolu Türk Halk Süfliliğinde Ahmed-i Yesevi Geleneğinin Teşekkülü», Milletlerarası Ahmed Yesevî Sempozyumu Bildirileri, Ankara: Kültür Bakanlığı Yayınları, ss. 75-84.
- Soileau Mark (2005) «Lokma Almak, Dem Görmek: Bektaş Sofrasında Sindirim», Süleyman Demirel Üniversitesi Uluslararası Bektaşilik ve Alevilik Sempozyumu I., Isparta: Süleyman Demirel Üniversitesi İlahiyat Fakültesi Yayınları, ss. 153-160.
- Taşgın Ahmet (2013) Dediği Sultan ve Menakıbı: Konya ve Çevresinde Ahmet Yesevi Halifeleri, Konya: Çizgi Yayınları.
- Taşgın, Ahmet (2014) «Menkıbelerin Kurduğu Zaman ve Mekân: Ahmed Yesevi ve Hacı Bektaş Örneği», Uluslararası İpek Yolunda Türk Dünyası Ortak Kültür Mirası Bilgi Şöleni, Editör Fahri Atasoy, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, ss. 267-272.
- Tosun Necdet, (2012) «Tasavvuf Kültüründe Tekke Yemekleri», Derviş Keşkülü Tasavvuf ve Dergâh Kültürü, İstanbul: Erkam Yayınları ss. 128-146.
- Yıldırım Ali (2013) – Hasan Şimşek, Sosyal Bilimlerde Nitel Araştırma Yöntemleri, 9. Baskı, Ankara: Seçkin Yayıncılık.
- Yılmaz H. Kâmil (1996) «Anadolu ve Balkanlar'da Yesevi İzleri», Ahmed-i Yesevî Hayatı Eserleri Tesirleri, Hazırlayan Mehmet Şeker – Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, ss. 567-580.
- Zeybek Namık Kemal, (2014) Aşk Yolu Hoca Ahmet Yesevi ve Hikmetleri, İstanbul: Ötügen Yayınları.

### References

- Bice Hayati (2010) Hoca Ahmed Yesevi Divan-ı Hikmet, Ankara: Turkish Religious Foundation Publications.
- Bice Hayati (2011) Pir-i Turkistan Hoca Ahmed Yesevi, Istanbul: İnsan Publications.
- Engin Refik (2013) – Ali Çakır, «Table and Tableware in Amuca Bektashis», Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal, Issue 65, pp. 299-312;
- Gölpınarlı Abdülbaki, (2014) Manâkıb-ı Hünkâr Hacı Bektâş-ı Veli Vilâyet-Nâme, İstanbul: İnkılap Publishing House.
- Gölpınarlı Abdülbâki, (2004) Idioms and Proverbs from Sufism, Istanbul: İnkılap Publishing House.
- Gümüšoğlu H. Dursun, (2011) «A Çelebi Diploma», Turkish Culture and Hacı Bektaş Veli Research Journal, Issue 59, pp. 423-442.
- Günay Umay (1992) “Determinations on the Effect of Written Culture on Oral Culture Based on Ahmed Yesevi”, International Ahmed Yesevi Symposium Proceedings, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 25-31.
- Hacı Bektaş (2011) Veli, Article, Prepared by Ali Yılmaz et al. Ankara: Turkish Diyanet Foundation Publications.
- al-İsfahani Raghıb, (2012) Curriculum Dictionary of Quran Concepts, Translated and Annotated by Yusuf Türker, 3rd Edition, İstanbul: Pınar Publications.
- Kara Mustaf (1996) “The Basic Book of Yeseviyya Cevâhiru'l-Ebrâr min Emvâci'l-Bihâr”, The Effects of the Life of Ahmed-i Yesevi, Prepared by Mehmet Şeker-Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, pp. 241-269.

- Kurt Yılmaz (1993). 255-270.
- Melikoff Irene (1992) “Ahmed Yesevî and Islam in Turks”, Proceedings of the International Ahmed Yesevi Symposium, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 61-67.
- Melikoff Irene (1993) *Sleeping Idik Warned*, Istanbul: Cem Publishing House.
- Mevlana Safiyyü-din, (1996) *Neseb-Nâme Translation*, Prepared by Prof. Dr. Kemal Eraslan, Istanbul: Yesevi Publishing.
- Müminov Aşirbek Kurbanoğlu, (1994) «About the Relevance of Mübeyyidiyye – Yaseviyye», *A Journal of Turkish World Studies*, Issue 1, pp. 115-123.
- Noyan Bedri (1993) «Table Manners in Alevism and Bektashism», *Cem Magazine*, Issue 26, pp. 7-10.
- Noyan Bedri, (2011) *Bektashism and Alevism in All Its Aspects*, Volume 9, Ankara: Ardıç Publications.
- Ocak Ahmet Yaşar (1992) «The Establishment of the Ahmad-i Yesevi Tradition in Anatolian Turkish Folk Sufism», Proceedings of the International Ahmed Yesevi Symposium, Ankara: Ministry of Culture Publications, pp. 75-84.
- Soileau Mark (2005). 153-160.
- Taşğın Ahmet (2013) *The Sultan and His Legend: Ahmet Yesevi Caliphs in Konya and Its Surroundings*, Konya: Cartoon Publications.
- Taşğın, Ahmet (2014) «Time and Place Established by Legends: The Example of Ahmed Yesevi and Hacı Bektaş», *Turkish World Common Cultural Heritage Information Festival on the International Silk Road*, Editor Fahri Atasoy, Ankara: Türk Yurdu Yayınları, p. 267-272.
- Tosun Necdet, (2012) “Tekke Dishes in Sufi Culture”, *Dervish Keşkülü Sufi and Dervish Culture*, Istanbul: Erkam Publications pp. 128-146.
- Yıldırım Ali (2013) – Hasan Şimşek, *Qualitative Research Methods in Social Sciences*, 9th Edition, Ankara: Seçkin Publishing.
- Yılmaz H. Kamil (1996) “Traces of Yesevi in Anatolia and the Balkans”, *The Effects of the Works of Ahmed-i Yesevi*, Prepared by Mehmed Şeker – Necdet Yılmaz, İstanbul: Seha Neşriyat, pp. 567-580.
- Zeybek Namık Kemal, (2014) *Aşk Yolu Hoca Ahmet Yesevi and His Wisdom*, İstanbul: Ötüken Publications.